



**«Нұрбанк» Акционерлік қоғамының
(«Нұрбанк» АҚ)
екінші облигациялық бағдарламасының
шеңберіндегі
қамтамасыз етілмеген купондық облигациялардың
төртінші шығарылымының
ПРОСПЕКТІСІ**

Шығарылым	төртінші
Облигация түрі	купондық қамтамасыз етілмеген облигациялар
Шығарылым көлемі	10 000 000 000,00 (Он миллиард) теңге
Облигацияның номиналы	100 (Жүз) теңге
Саны	100 000 000 (Жүз миллион) дана
Шығарылым формасы	құжаттамасыз

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік (15) он бес күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді.

Алматы қ., 2018 ж.

1. Облигациялардың (бұдан әрі – Облигация) бұл шығарылымы «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк, Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасының шығарылымының анықтамалығына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер

<p>1) Облигациялық бағдарламаның проспектісің мемлекеттік тіркеуге алынған күні мен нөмірі</p>	<p>Екінші облигациялық бағдарлама шығарылымын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 13-қарашада Е75 нөмірмен тіркеген.</p>
<p>2) Екінші облигациялық бағдарламаның шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай есептегендегі көлемі</p>	<p>100 000 000 000,00 (Жүз миллиард) теңге</p>
<p>3) Облигациялық бағдарлама шегіндегі Облигация шығарылымының реттік нөмірі</p>	<p>Екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың 4 (төртінші) шығарылымы</p>
<p>4) Облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі Облигациялардың бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі әр шығарылым бойынша жеке)</p>	<p>Екінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде бірінші шығарылымы (Е75-1): Шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге алынған күні – 13.11.2014 жыл; Облигациялардың түрі мен саны - 150 000 000 (Жүз елу миллион) дана, купондық қамтамасыз етілмеген облигациялар; Номиналдық құнымен шығарылған көлемі - 15 000 000 000 (Он бес миллиард) теңге; Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны – 0 (нөл) дана.</p> <p>Екінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың екінші шығарылымы (Е75-2, NRB№11): Шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге алынған күні – 13.11.2014 жыл; Облигациялардың түрі мен саны – 200 000 000 (Екі жүз миллион) дана, купондық қамтамасыз етілмеген облигациялар; Номиналдық құнымен шығарылған көлемі - 20 000 000 000 (Жиырма миллиард) теңге; Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны – шығарылым өтелген.</p> <p>Екінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы (Е75-3, NRB№12): Шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге алынған күні – 13.11.2014 жыл; Облигациялардың түрі мен саны – 350 000 000 (Үш жүз елу миллион) дана, купондық тәртіптелген индекстелген қамтамасыз етілмеген облигациялар; Номиналдық құнымен шығарылған көлемі - 35 000 000 000 (Отыз бес миллиард) теңге;</p>

	Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны – 33 272 435 (Отыз үш миллион екі жүз жетпіс екі мың төрт жүз отыз бес) дана.
--	--

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

1) облигациялардың түрі	купондық қамтамасыз етілмеген облигациялар
2) бір Облигацияның номиналды құны	100 (Жүз) теңге
3) Облигациялардың саны	100 000 000 (Жүз миллион) дана
4) Облигация шығарылымының жалпы көлемі	10 000 000 000 (Он миллиард) теңге
5) Облигациялар бойынша сыйақы:	<p>Сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналымының тұтастай мерзімінде сыйақы мөлшерлемесі тіркелген, Облигациялардың номиналды құнының жылдығы 11% (он бір пайызды) құрайды.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күні - Облигациялар айналымының басталған күні саналады.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және сыйақы төлеу күндері - Облигациялар бойынша купондық сыйақы бойынша төлемдер Облигациялар айналымы басталған күннен бастап, алты ай сайын өтелген мерзімге дейін, жылына екі рет жүргізіледі.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, Облигациялар бойынша сыйақы алу әдістері Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялар ұстаушыларының тізілімі жүйесінің жүргізілімін жүзеге асырушы тіркеушісі орналасқан жердегі уақытпен, төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы (бұдан әрі – тіркеу күні) күй-жай бойынша Облигация ұстаушылары тізіліміне енгізілген тұлғаларға төленеді. Облигация бойынша соңғы купондық сыйақы борыштың негізгі сомасын (номиналды құны) төлеумен бір уақытта жүргізіледі. Купондық сыйақыны төлеу төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің ертеңіндегі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы (купон) есептелетін уақыт кезеңі - бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн / бір айда 30 (отыз) күн уақыт есебінен жүргізілетін болады. Облигациялар бойынша купондық сыйақы Облигациялардың номиналдық құны мен купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің және иелік еткен күндердің санының (бір айда 30 күн деп есепке алынғанда) көбейтіндісін 360 күнге бөлу ретінде есептеледі.</p>
6) Облигациялар бойынша номиналды құнның валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлемнің валютасы	<p>Облигациялардың соның ішінде Облигациялар, оның ішінде негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлемдердің номиналды құнның валютасы – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) болып табылады.</p> <p>Облигациялар, оның ішінде сыйақы және негізгі қарыз бойынша төлемдерді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте, ақшаны теңгемен Облигация ұстаушылар тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигация ұстаушыларының банктік шоттарына аудару арқылы жүргізеді.</p>

	<p>Егер Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда төлем Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болған жағдайда ақшаны теңгемен Облигация ұстаушылар тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигация ұстаушыларының банктік шоттарына аудару арқылы жүргізеді. Облигация ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем жасалатын күннен 5 (бес) жұмыс күні бұрын Эмитент жазбаша өтінішін алған жағдайда ғана теңгені төлемді жүзеге асыратын кезде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі. Аталған ақша айырбасы төлем жасалатын күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүзеге асырылады. Айырбас кезінде туындаған Эмитенттің шығындары Облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылатын ақшадан ұсталады.</p> <p>Облигация бойынша Облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
7) Облигациялар орналастырудың басталған және аяқталған күні	<p>Облигациялар орналастырудың басталған күні болып Облигацияларды «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесіне, оның ішкі құжаттарына сәйкес енгізген күн саналады.</p> <p>Облигациялар орналастырудың аяқталған күні болып Банктің жеке шотынан Облигацияларды есептен шығару және оларды Облигация ұстаушыларының дербес шотына есепке алу арқылы осы Проспектінің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мөлшерде Облигациялармен жасалған мәмілені тіркеуден өткізген күн есептеледі. Аукцион жүргізу арқылы орналастыру және мерзімі туралы ақпарат «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның сайтында орналастырылады.</p>
8) Облигациялар айналымының басталған күні Облигациялар айналымының мерзімі	<p>Облигациялар айналымының басталған күні – Облигацияларды орналастырған күні.</p> <p>Облигациялар айналымының мерзімі – Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл.</p>
9) Облигациялар айналымын жүргізу жоспарланып отырған нарық	<p>Облигациялар айналымын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында жүргізу жоспарланып отыр.</p>
10) орналастырылатын Облигацияларды төлеу әдісі	<p>Облигацияларды төлеу ақшалай қолма-қол ақшасыз формада жүзеге асырылады. Облигацияларды ұйымдастырылған нарыққа орналастырған кезде төлем жасау тәртібі мен шарттары «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелерімен анықталады.</p>
11) Облигацияларды өтеу тәртібі	<p>Облигацияларды өтеу күні</p> <p>Облигацияларды өтеу күні – Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күнінің ертеңіндегі күн.</p> <p>Облигациялар, олардың айналу мерзімі аяқталғаннан кейін, Облигациялар айналымының соңғы күнінен келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, соңғы кезеңнің сыйақысымен бірге, номиналдық құны бойынша теңгемен өтеледі. Төлем жүзеге</p>

	<p>асырылатын соңғы кезеңнің негізгі қарызы мен сыйақыны (купонды) алуға Облигациялар бойынша сыйақы (бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімі жүйесінің жүргізілімін жүзеге асырушы тіркеушісі орналасқан жердегі уақытпен, төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы күй-жай бойынша) Облигация ұстаушылары тізіліміне енгізілген тұлғалар ғана құқылы.</p> <p>Облигацияларды өтеуді Эмитент осы Проспектінің 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіпте өз бетінше жүргізеді.</p>
<p>12) осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі</p>	<p>1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бүкіл айналым мерзімі ішінде Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өз Облигацияларын өзі сатып алуға құқылы. Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы, сатып алу құны, тәртібі, шарты мен сатып алу мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен белгіленеді.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі Облигация ұстаушыларының назарына, Эмитент Облигацияларды сатып алатын кездегі Облигация ұстаушыларының Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса, Облигация ұстаушыларының болжалды әрекеттері көрсетіп, ондай шешім қабылданған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарламаны "Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-сайтында орналастыру үшін жібереді.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі Облигация ұстаушыларында оларға тиесілі Облигацияларды Эмитентке сату міндеттемесінің туу себебі болып табылмайды.</p> <p>2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 бабында қарастырылған негіздемелер басталған жағдайда Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.</p> <p>Бұл орайда, Эмитент облигацияларды сатып алуды келесі құндардың ең жоғарғысымен жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жинақталған сыйақыны ескеріп, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес құнымен; • Облигацияларды әділетті нарықтық құнымен. <p>Эмитент Облигацияларды сатып алатыны туралы Облигация ұстаушыларына осы Проспектінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу негіздемесі туындаған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде :</p> <ul style="list-style-type: none"> • Эмитенттің Облигацияларды сатып алуына әкелетін орын алған көрсетілген оқиға туралы; • Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша жасай алатын іс-қимылдарын, өз талаптарымен Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса көрсетілген жазбаша хабарламаны "Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-сайтында орналастыру үшін жібереді. <p>Ондай хабарламаны Эмитент орналастырған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар Эмитентке жазбаша түрде</p>

	<p>Облигацияларды сатып алу туралы талаптарын Эмитентке қоя отырып, өздеріне тиесілі Облигациялардың барлығын немесе бөлігін сатып алуды талап етуге құқылы.</p> <p>3. Сатып алу туралы өтініштің мазмұны мен ол бойынша міндеттемелері орындау</p> <p>Облигация ұстаушылары Облигацияларын сатып алу туралы өтініштерін еркін формада, келесі деректерді көрсетіп береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлғалар: Облигация ұстаушының атауы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың нөмірі, берілген күні, берген орган, орналасқан жері, байланыс телефондары, банктік деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сатып алуға тиіс Облигацияларының саны мен түрі; - жеке тұлғалар: Облигация ұстаушының тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты, жеке куәлігінің нөмірі, оны берген орган мен қашан берілгенін, тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сатып алуға тиіс Облигацияларының саны мен түрі. <p>Банк Облигация ұстаушыларынан жазбаша талаптарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен 30 күнтізбелік күннің ішінде өзінің сатып алу құқығын пайдаланып, Облигация ұстаушыларынан Облигацияларды сатып алады.</p> <p>Банктің бір мезетте Облигацияны сатып алуына берген өтінімдерді орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда Облигация ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің кезектілігіне қарай, осы тармақта көрсетілген мерзім шеңберінде жүргізіледі.</p> <p>4. Барлық төлемдерді Эмитент осы Проспектінің 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүргізеді.</p> <p>Облигацияларды сатып алу Облигация ұстаушылардың құқықтары бұзылуына әкелмеуі тиіс. Өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы өтініш бермеген ұстаушыларды Облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіпте Облигация айналымының мерзімі аяқталғанда өтеледі.</p> <p>Сатып алынған Облигациялар өтелген деп есептелмейді де Эмитент өзі сатып алған Облигацияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Облигация айналымда болатын бүкіл мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы.</p> <p>Орналастырылған (сатып алынғандарды шегеріп) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес «Қазақстанның қор биржасы» АҚ алдында аша алады.</p> <p>Эмитент барлық Облигацияларды бағалы қағаздардың екінші қайтара нарығында сатып алған жағдайда Облигация шығарылымын жою туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.</p>
<p>13) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды</p>	<p>осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.</p>

шығару кезінде)	
14) Концессия шарты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде мемлекет кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері	Облигациялар шығарылымы инфрақұрылымдық болып есептелмейді.

4. Облигациялардың бұл шығарылымын талап ету құқықтарымен төлеу қарастырылмаған.

5. Облигациялардың бұл шығарылымы валютаға айырбасталатын болып табылмайды.

6. Облигация ұстаушысының өкілі туралы мәлімет

Облигациялардың бұл шығарылымы үшін қарастырылмаған. Облигациялар қамтамасыз етілмеген.

7. Төлем агенті (болған жағдайда) туралы мәлімет

Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен номиналды құнын Банк өз бетінше төлейді.

8. Эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне қосу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөніндегі келісімшарттар

Консультанттар қарастырылмаған. Облигацияларды «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізу және онда болуын Банк өз бетінше жүзеге асырады.

9. Облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары

1) Облигация ұстаушылардың құқықтары	<p>Эмитенттің Облигация ұстаушыларының құқықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы Проспектіде қарастырылған тәртіп пен мерзімде Облигациялардың номиналды құнын алу; - осы Проспектіде қарастырылған тәртіп пен мерзімде сыйақы алу; - Облигацияларды еркін сату және адалау; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және Облигациялар оның листингіне енгізілген қор биржасының талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және қаржылық ахуалы туралы ақпарат алу; - осы Проспектіде қарастырылған жағдайда сатуға шығарылатын меншігіндегі Облигациялардың барлығын немесе бөлігін мәлімдеу; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру; - Облигацияларға жеке меншік құқығынан туындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтар. <p>Эмитенттің қызметі және қаржылық ахуалы туралы ақпарат, оның ішінде Эмитенттің қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзім мен</p>
---	--

	<p>тәртіпте "Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-сайтында орналастырылады.</p> <p>Облигациялардың бұл түрі бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.</p>
<p>2) Эмитенттің сатып алу жөніндегі талап ету құқығы</p>	<p>Облигация ұстаушылары осы Проспектіде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда Эмитентке Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу туралы талап қоюға құқылы болмайды. Ковенанттар бұзылған жағдайда Облигация ұстаушысына құқықтары осы Проспектінің 11-тармағында белгіленген.</p>
<p>3) сыйақы және (немесе) негізгі борышты төлеу басқа мүлдік құқықтар арқылы жүргізілетін болса</p>	<p>Қарастырылмаған.</p>

10. Дефолт туындаған уақытта эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар туралы мәліметтер

<p>1) Дефолт туындаған уақытта эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар туралы мәліметтер</p>	<p>Дефолт – шығарылған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің және басқа қаржылай міндеттемелердің орындалмауы. Осы Проспектідегі дефолт – Эмитенттің кінәсінен Облигациялар бойынша купондық сыйақы және (немесе) Облигациялар бойынша номиналды құны төлеудің осы Проспектіде белгіленген мерзімде төленбеу немесе толық көлемде төленбеу.</p> <p>Егер мұндай төлемеу және/немесе толық көлемде төлемеу Эмитент Облигация ұстаушысының банктік шотының дұрыс деректемелерін алмаған немесе толық көлемде алмаған жағдайларда орын алатын болса, және ол Эмитенттің сыйақы және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін болса немесе Тіркеуші Эмитентке Қазақстан Республикасының заңнамасында, және онымен бекітілген шартта белгіленген мерзімде Облигация ұстаушыларының тізілімін бермеу жағдайы орын алса, сондай-ақ Банкке еңсерілмейтін күш жағдаяттары ықпал еткен жағдайда Облигациялар бойынша сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құнын осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде төлемеу немесе толық көлемде төлемеу Облигациялар бойынша дефолт болып саналмайды;</p> <p>Проспект бойынша міндеттемелердің орындалмауы еңсерілмейтін күш жағдаяты орын алатын болса, Эмитент өзінің міндеттемелерінің ішінара немесе толығымен орындалмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>Еңсерілмейтін күш жағдаяты ретінде олардың туындауын алдын ала болжау немесе алдын ала білу мүмкін болмайтын жағдайлар (апатты жағдайлар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салатын немесе шектеу қоятын актілері және т.б.) түсіндіріледі. Еңсерілмейтін күш жағдаяты туындаған уақытта Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі сол уақыт ішінде осындай жағдайлар мен олардың салдары сақталатын уақыт кезеңіне сәйкес уақытша тоқтатылады.</p>
<p>2) Облигациялар бойынша дефолт орын алған</p>	<p>Эмитенттің кінәсі бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құны төленбеген немесе толық көлемде</p>

<p>жағдайда, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде Эмитент облигация ұстаушыларының құқығын қорғау жосықтарын қоса, қолданылатын шаралар</p>	<p>төленбеген жағдайда, Эмитент осы шығарылымның Облигация ұстаушыларына мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін, ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (яғни, сол үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күн) Қазақстан Республикасының уәкілетті органның қайта қаржыландыру бойынша ресми мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімпұлды төлеуге міндеттенеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> - дефолт туындаған уақытта Банк дефолт тудырған себептерді жою үшін бар күштерін салады, соның ішінде өзінің қаржылық жағдайын жақсартуға негізделген шараларды қабылдайды; - осы шығарылым Облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитенттің төлем қабілетін қалпына келтіруге, Облигациялар бойынша берешектерді өтеуге бағытталған және Эмитент қолданатын шараларға кез келген қайта ұйымдық, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық және де Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа іс-шаралар кіреді; - Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда, Банк міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіп пен жағдайларда жүзеге асырылады. Банктің міндеттемелері қайта құрылымдау туралы шешімін Облигация ұстаушылар мақұлдайды.
<p>3) дефолт фактілері туралы ақпаратты Эмитенттің Облигация ұстаушыларының назарына жеткізу тәртібі, мерзімі мен әдістері</p>	<p>Дефолт орын алған уақытта Банк:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дефолт факті; - Облигация параметрі; - Сыйақыны және/немесе Облигацияның номиналды құны төленуі тиіс күн; - Дефолт басталған күнге Банк орындамаған міндеттемелер; - Міндеттемелерді орындамау себептері; - Банкке талап қою арқылы жүгіну тәртібін қоса алғанда өз талаптарын қанағаттандыру үшін Облигация ұстаушыларының ықтимал іс-әрекеттерінің тізбесін көрсету; - Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа ақпарат қамтылған жазбаша хабарламаны "Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-сайтында орналастыру үшін жібереді. - Аталған ақпаратты ашуды Банк өз бетінше жүзеге асырады.
<p>4) ортақ немесе көмекқаржылық жауапкершілік артқан тұлғалармен жасалған келісімшарттың жасалу күні мен нөмірі</p>	<p>Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе көмекқаржылық жауапкершілік артқан тұлғалар жоқ.</p>

11. Эмитент қабылдаған және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңында қарастырылмаған шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығару кезінде эмитент органының шешімімен қарастырылған болса)

Банк қабылдаған шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығару кезінде эмитент органының шешімімен қарастырылған болса). Шектеулер (ковенанттар) орын алған жағдайда эмитент пен облигация ұстаушысы іс-әрекеттерінің тәртібі

1) Банк пен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингі келісімшартында белгіленген жылдық, аралық қаржы есептіліктерін беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге;
2) Аудиторлық компания жылдық қаржы есептілігіне жүргізген есептерді Банкке беруге кешіктірген жағдайдан бөлек, Банк пен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингі келісімшартында белгіленген жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есепті беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге;
3) Банк Облигациялардың бүкіл шығарылымын оларды бірінші рет орналастырған күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толық орналастырады. Бұл міндеттеме 6 (алты) айдың ішінде орындалмаған жағдайда Банк осы тармақта белгіленген тәртіпке сәйкес бұрын орналастырылған шығарылымның толық көлемін мерзімінен бұрын сатып алады.

Осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Банк бұзылым басталған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына бұзылым туындау себептерін баяндап, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша жасай алатын іс-қимылдарын, өз талаптарымен Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса, шектеулер (ковенанттар) бұзылғаны туралы ақпаратты жазбаша хабарламаны "Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-сайтында орналастыру үшін жібереді. Ковенанттар бұзылған жағдайда Эмитент көрсетілген ковенанттардың бұзылу себептерін жою бойынша қолдан келетін шараларды қолданбаған және/немесе Эмитент қолданған шаралар «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ға осы тармақта көрсетілген есептіліктерді беру бойынша міндеттемелердің орындалуына әкелмеген жағдайда Облигация ұстаушылар 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке Облигацияларды, Облигациялардың тиісті номиналдық құнымен, сатып алатын күнге жинақталған сыйақы ескерілген бағамен сатып алу жөнінде жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Сатып алу туралы өтініште талап етілетін барлық деректемелер көрсетілген кезде Облигацияларды сатып алу жөніндегі өтініштің мазмұны мен ол бойынша міндеттемелерді орындау осы Проспектінің 3-тармағының 12)тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 3) тармақшаларында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Банк бұзылым басталған күннен 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына шектеулер (ковенанттар) бұзылғаны туралы ақпаратты жазбаша хабарламаны "Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-сайтында орналастыру үшін жібереді. Облигация ұстаушылар шектеулер (ковенанттар) бұзылғаны туралы ақпарат жарияланған күннен бастап саналатын 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде оларға тиесілі облигацияларды Банктің сатып алуы жөнінде жазбаша түрде талап етуге құқылы. Банк Облигация ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу жөніндегі жазбаша өтінімдерді алған күннен 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде орналастырылған облигацияларды мәміле жасалатын күні жылдығы 12,5% (он екі бүтін бес ондық пайызбен) өтеу

	<p>тиімділігімен сатып алады. Облигацияларды сатып алу жөніндегі өтініштердің осы Проспектінің 3-тармағының 12) тармақшасында айтылған деректемелер көрсетілгені ғана қабылданады.</p> <p>Барлық төлемдер осы Проспектінің 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырылады.</p> <p>Банктің бір мезетте Облигацияны сатып алуына берген өтінімдерді қанағаттандыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда Облигация ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің кезектілігіне қарай, осы тармақта көрсетілген мерзім шеңберінде жүргізіледі.</p> <p>Өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу жөнінде өтініш бермеген ұстаушыларды Облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіпте Облигация айналымының мерзімі аяқталғанда өтеледі.</p>
--	---

12. Опцион жасау талаптарын көрсету арқылы опциондар туралы ақпарат – опциондар эмитент облигацияларын сатып алу мүмкіндігін беретін болса
Облигациялар сатып алу бойынша опциондар қарастырылмаған

13. Эмитенттің облигациялар өтелгенге дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңіне қарай сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті ақшалай қаражатының көздері мен ағындары бойынша болжам
Эмитенттің ақшалай қаржысының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектінің №1 Қосымшасында берілген;

14. Банктің Облигациялар орналастырудан алатын ақшасын пайдалануы	
1) Эмитенттің Облигациялар орналастырудан алатын ақшасын пайдалану шарттары мен тәртібі;	Облигацияларды шығарудың негізгі мақсаты Банктің қорландыру базасын әртараптандыру болып табылады. Бұған қоса, Банк қаржыны экономиканың нақты саласын кредиттеуге, сонымен қатар бөлшек сауда бизнесі бағдарламаларын дамытуға ниетті. Эмитент бұдан былай кредитті өз қаржысы есебіне, сондай-ақ ішкі нарықта қорландыру есебінен беруді ойластырады.
2) осындай өзгертулерді көрсете отырып, солар орын алған уақытта алынған ақшаны жоспарланып отырған үлестіруде өзгертулер болуы мүмкін жағдайлар.	Алынған ақшаны үйлестіру жоспарын өзгертуге мәжбүрлейтін жағдаяттар жоқ.

15. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде
Осы шығарылымға қолданылмайды. Эмитент арнаулы қаржы компаниясы болып табылмайды.

16. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде Осы шығарылымға қолданылмайды. Эмитент арнаулы қаржы компаниясы болып табылмайды.

Басқарма төрағасы



Сарсенов Э.Р.

№	Қысқартылған атауы	01.10.2019 жылғы жағдай	2019 жылғы 9 ай бойы өзгерістері	2019 жылғы 9 ай бойы қорытынды жағдай
I	БҚ қаржылық ресурстары			
1	БҚ қаржылық ресурстары	1 140 793	2 830 738	3 971 531
2	Балықшылық БҚ	3 000 000	33 000 000	36 000 000
3	Қолдануға берілген қаржылық ресурстары (бюджеттік қаржы)	62 240 338	35 985 408	98 225 746
4	Нәтижелік қаржы (бюджет)	16 471 862	63 367 245	79 839 107
5	Бюджет қаржыларының (бюджеттік қаржы) қорытындысы	4 425 370	395 000	4 820 370
I	Жалпы қаржылық ресурстары	66 884 125	140 762 111	207 646 236
I	БҚ қаржылық ресурстары (бюджеттік қаржы)	13 979 000	29 240 780	43 219 780
2	Балықшылық БҚ (с. 1, 2-бап)	425 000	430 000	855 000
3	Қолдануға берілген қаржылық ресурстары (бюджеттік қаржы)	40 114 938	60 665 377	100 780 315
4	Нәтижелік қаржы (бюджет)	28 156 173	60 248 345	88 404 518
5	Бюджет қаржыларының (бюджеттік қаржы) қорытындысы	4 425 370	4 087 272	8 512 642
II	Жалпы қаржылық ресурстары (бюджеттік қаржы)	66 884 125	140 762 111	207 646 236
III	ОТІМДІЛІК	9 340 210	37 215 775	46 555 985
IV	Бюджет қаржыларының (бюджеттік қаржы) қорытындысы	4 425 370	4 087 272	8 512 642

Екінші облигациялық бағдарламасының
шеңберіндегі қамтамасыз етілмеген купондық облигациялардың төртінші шығарылымының
проспектісінің №1 Қосымшасы

Эмитенттің ақшалай қаржысы ағынын 2018-2021 жылдарға болжау

р/№	Атауы	01.10.2018 жылға	2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл	
			IV тоқсан	I жартыжылдық	II жартыжылдық	I жартыжылдық	II жартыжылдық	I жартыжылдық	II жартыжылдық	
1	БҚ қоржыны (өтеу/satu)		1 546 762	2 830 108	3 803 853	6 609 393	6 556 973	4 815 127	3 783 053	
2	Банк шығарған БҚ		5 000 000	55 000 000	0	0	0	0	14 000 000	
3	Клиенттерден тартылған қаржылар (мерзімдік, т/с)		42 240 328	85 985 408	85 985 408	103 193 828	103 193 828	114 915 825	114 915 825	
4	Несиелік қоржын (өтеу)		16 471 662	45 362 295	45 362 295	49 898 525	49 898 525	54 888 377	54 888 377	
5	Кредит мекемелерінен тартылған қаржылар		4 425 378	585 000	495 307	0	1 700 000	0	2 700 000	
I	Келетін ақшаның қорытындысы:		69 684 129	189 762 811	135 646 863	159 701 745	161 349 325	174 619 329	190 287 255	
1	БҚ қоржыны (сатып алу)		-3 979 000	-29 646 202	-54 540 040	0	0	0	0	
2	Банк шығарған БҚ (с. і. %%)		-525 000	-920 000	-3 945 000	-3 945 000	-3 945 000	-3 945 000	-13 945 000	
3	Клиенттердің қаржылары (мерзімдік, т/с)		-30 114 956	-60 685 317	-60 685 317	-85 985 408	-85 985 408	-103 193 828	-103 193 828	
4	Несиелік қоржын (беру)		-24 150 173	-60 248 245	-60 248 245	-67 686 501	-67 686 501	-69 970 641	-69 970 641	
5	Кредит мекемелерінің өтелген қаржылары		-1 572 718	-1 047 272	-7 138 109	-1 396 394	-2 294 820	-646 846	-2 413 424	
II	Жылыстаған ақшалардың қорытындысы:		-60 341 847	-152 547 036	-186 556 712	-159 013 303	-159 911 729	-177 756 314	-189 522 892	
III	ӨТІМДІЛІК		9 342 283	37 215 775	-50 909 849	688 442	1 437 596	-3 136 985	764 363	
IV	Өселі қорытындысымен өтімділік	35 377 625	44 719 908	81 935 682	31 025 833	31 714 275	33 151 871	30 014 886	30 779 248	

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

Мн

20 18 ж. « 14 желтоқсан »



Председатель Правления АО «Нурбанк»

Сарсенов Э.Р.

Филипова А.И.

28 (двадцать восемь)

листа (ов)

Прошито и пронумеровано